

Кімге: Ұлытау облысы денсаулық сақтау басқармасына

Автор: Диханбаева Тұрсын Мұратбекқызы - Ұлытау облысының санитариялық - эпидемиологиялық бақылау департаментінің Жаңаарқа аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің бас маманы.

Күні: 09.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Вакцинацияға қарсы қозғалыстар: Себептері, әсерлері және шешу жолдары.

Кілт сөздер: вакцина, вакцинацияға қарсы қозғалыс.

Кіріспе

Вакцина — бұл иммундық жүйені белгілі бір ауруларға қарсы қорғауға арналған биологиялық препарат. Вакциналар организмге патогендер (вирустар немесе бактериялар) туралы ақпаратты енгізеді, бұл оның иммундық жауапты дамытуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде, егер адам вакцинацияланған аурумен кездессе, оның иммундық жүйесі дайын болады және ауруды жеңе алады. Вакциналау – жұқпалы аурулардың алдын алуда маңызды құрал болып табылады[1].


Вакцинацияға қарсы қозғалыстар – әлем бойынша денсаулық сақтау жүйесіне және қоғамдық иммунитетке елеулі қауіп төндіретін күрделі әлеуметтік құбылыс. Бұл қозғалыстар вакцинацияның пайдасына қатысты теріс пікірлерді насихаттап, дезинформацияның таралуына себепші болады.

Негізгі бөлім

2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін вакцинациялауға жататындар санынан 24 976 адам профилактикалық егуден бас тартты, оның ішінде 58% - жеке сенімдері бойынша, 23,2% - діни сенімдері бойынша, 12,8% - вакциналарға сенімсіздік салдарынан, 6%-БАҚ - тағы жағымсыз ақпарат нәтижесінде. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында вакцинациядан бас тартудың 3417 жағдайы тіркелді. Біз тұрақты негізде вакцинацияның қарсыластарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізудеміз және ағымдағы жылы вакцинация туралы өз пікірімізді өзгертіп, 197 адам вакцинацияланды.(1-сурет) [2].

Инфографикада Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі ұсынған, 2019 жыл басынан қазірге дейінгі көрсеткіштер топтастырылды. Вакцинациялаудан бас тартушылардың басым үлесі батыс өңірлерге тиесілі. Мәселен, Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарында мыңнан астам адам екпеден бас тартқан. Маңғыстау облысы үшінші орында. Ал

солтүстік өңірлерде, керісінше, вакцинациялаудан бас тартқандар үлесі төмен.(2-сурет) [3].



1-сурет- Вакцинациядан бас тартқандар көрсеткіші



2- сурет- Вакцинациялаудан бас тартқандардың өңірлер бойынша саны
Вакцинацияға қарсы қозғалыстардың себептері

1. Денсаулық сақтау қозғалыстары

Бұл топтар вакциналардың қауіпсіздігі мен тиімділігіне күмән келтіреді. Олар ғылыми зерттеулерді, клиникалық сынақтарды және вакциналардың құрамындағы компоненттердің ықтимал зиянын зерттейді. Бұл қозғалыстарға қатысушылар вакцинациядан кейінгі жанама әсерлер туралы ақпарат жинап, жариялайды.

2. Философиялық және діни қозғалыстар

Кейбір адамдар вакцинацияны өздерінің діндері немесе философиялық көзқарастарына қайшы келеді деп санайды. Мысалы, кейбір діндер вакцинацияны қабылдамайды немесе оған қарсы шығады, ал философиялық тұрғыдан, адамдар жеке еркіндік пен таңдауға басымдық береді.

3. Саяси қозғалыстар

Вакцинацияға қарсы қозғалыстар кейде саяси контексте де белсенді болады. Олар мемлекеттік саясаттың, денсаулық сақтау жүйесінің және халықтың құқықтарының қорғаушысы ретінде әрекет етеді. Бұл қозғалыстар жиі вакцинацияны міндеттеу немесе жеке медициналық шешімдерді қабылдау құқығын талап етеді.

4. БАҚ - тағы жағымсыз ақпарат нәтижесінде

Интернет пен әлеуметтік желілер вакциналарға қарсы пікірлерді таратуда үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік медиа платформаларында жалған ақпарат, конспирологиялық теориялар және вакцинацияға қарсы тұжырымдар белсенді түрде жарияланады. Бұл ақпарат көбінесе сенімді дереккөздерден алшақ, бірақ кең аудиторияға жетеді.

5. Қоғамдық қозғалыстар

Бұл топтар вакцинацияға қарсы насихаттау үшін қоғамдық науқандар ұйымдастырады. Олар жиналыстар, демонстрациялар, петициялар арқылы өз пікірлерін білдіреді. Бұл қозғалыстар қоғамдағы вакцинацияға қарсы пікірлерді насихаттауда және азаматтардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады.

6. Психологиялық факторлар

Кейбір адамдар вакциналарға қарсы шығудың психологиялық себептері болуы мүмкін. Мысалы, адамдар вакцинацияның нәтижелері мен ықтимал қауіптеріне эмоционалды реакция танытуы мүмкін, әсіресе вакцина туралы ақпарат жеткіліксіз немесе шатасқан жағдайда.

Вакцинадан бас тартудың бірнеше зияны бар:

1. Инфекциялық аурулардың таралуы

Вакцинация инфекциялық аурулардың, мысалы, қызылша, полиомиелит, қызамық, гепатит сияқты аурулардың таралуын азайтады. Вакцинадан бас тарту осы аурулардың қайта өршуіне әкелуі мүмкін.

2. Қоғамдық денсаулыққа қауіп

Топтық иммунитет деңгейінің төмендеуі, яғни халықтың көпшілігі вакцинацияланбаған жағдайда, аурулардың таралуы оңайлайды. Бұл әсіресе иммундық жүйесі әлсіз адамдар мен балалар үшін қауіпті.

3. Аурудың ауыр түрлері

Вакцинациядан бас тартқан адамдар ауруды жеңіл өткеретін болса да, вакциналанбағандар аурудың ауыр түрлерімен ауырып, ауыр асқынуларға ұшырауы мүмкін.

4. Денсаулық сақтау жүйесіне салмақ

Аурулардың таралуы нәтижесінде ауруханалар мен денсаулық сақтау жүйесі көп ауыр пациенттермен толығады, бұл ресурстарды босату мен денсаулық сақтау қызметтерін көрсету процесін қиындатады.

5. Экономикалық шығындар

Аурулардың өршуі денсаулық сақтау шығындарын арттырады, сонымен қатар аурудан сауығу үшін жұмыссыздық, еңбек қабілетсіздігі және әлеуметтік қолдау қажеттіліктерінің өсуіне әкеледі.

6. Теріс әлеуметтік әсерлер

Вакцинациядан бас тарту қоғамдағы өзара сенімділік пен ынтымақтастықты төмендетуі мүмкін. Адамдар арасында вакцинация туралы теріс пікірлердің таралуы қоғамдағы бөліну мен даулы пікірлерге себеп болуы ықтимал.

Халықаралық тәжірибе

Вакцинациялауды міндеттеуді қуаттап Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығының қызметкері, медицина ғылымдарының докторы Борис Каральник "Бір адамның құқығы басқа адамдар құқығы басталған жерде аяқталады. Яғни, бір адам өзіне немесе баласына екпе ектіруден бас тартса, ол баласының да, басқа адамдардың да құқықтарын таптаған болып есептеледі. Өйткені, ол ауырса, айналасындағы басқа адамдарға қауіп төндіреді".

Ғылым докторының пікірінше, бұл мәселеде оң шешімге келу үшін шет мемлекеттердің тәжірибесін зерттеудің өзі жеткілікті. Өйткені, мұндай пікір таласы Қазақстанда қазір күш алып отырғанымен, әлемнің көптеген елі бұндай кезеңді әлдеқашан басынан өткерген. Тарих қауіпті де, жұқпалы дерттермен күресте вакцинаның қандай қуатты құралға айналғанына куә. Айталық, әлемде оспа дертіне қарсы вакцина алғаш рет 1978 жылы шыққан. Бұл медицина саласының үлкен жаңалығы болды. Осы кезден бері бұл ауру әлемде атымен жоғалды.

Ал әлем елдерінің тәжірибесіне келсек, Қазақстанның бас санитары Жандарбек Бекшин жаңа заң жобасын әзірлеу барысында Франция, Италия, АҚШ сынды біраз елдің тәжірибесін зерттегендерін айтып өткен болатын. Бұл елдерде мәселе қалай шешілді?

Италияда биылдың 14 наурызында міндетті вакцинация туралы заң күшіне енді. Осы күннен бастап мектептер, бөбекжайлар мен балабақшалар ата-аналары вакцинация сертификатын ұсынбаған балаларды қабылдауды тоқтатқан. Заң бойынша 16 жасқа дейінгі көмелетке толмаған балаларға он екпе түрін жасау міндеттелді. Олардың ішінде қызылша, сіреспе, полиомиелит және В гепатитіне қарсы вакциналар бар. Италияда бірнеше мың оқушы вакцинацияланбаған болса, олардың ата-аналарына 3,5 мың еуро шамасында айыппұл салынған.

Австралияда екпе міндетті емес. Бірақ, екпе егілмеген баланың ата-анасы әлеуметтік көмектен қағылады. Мұндай заң 2016 жылдан бастап әрекет етеді. Баласына уақытылы екпе ектірген тұрмысы төмен ата-аналар үшін салық жеңілдігі қарастырылған.

АҚШ-тың барлық штаттарында балалар уақытылы вакцинацияланбаған жағдайда мектептерге және мектепке дейінгі мекемелерге бара алмайтыны туралы міндетті талап бар. Тек кейбір штатта ғана медициналық, діни немесе философиялық себептермен вакцинациядан бас тартуға рұқсат етіледі.

Канадада вакцинация кестесіне сәйкес, балалардың шамамен 85 пайызына екпе жасалады, ал ата-аналардың екі пайыздан аз бөлігі ғана вакцинацияға үзілді-кесілді қарсы. Қалғандары – 1-2 вакцинаны өткізіп алған немесе әлі вакцинаны қабылдамаған балалар. Бұл елде тұрғындарды екпе жасауға міндеттеу туралы мәселе жоқ.

Германия үкіметі биылғы 14 қарашада қызылша ауруынан қорғау туралы заң қабылдады, оған сәйкес, елдегі бұл ауруға қарсы вакциналар міндетті түрде салынатын болады. 2020 жылдың наурыз айында күшіне енетін заң мектеп пен балабақшаға баратын балаларға, сонымен қатар, білім және медицина қызметкерлеріне, сонымен қатар, басқа да мемлекеттік мекемелерге (мысалы, түрмелер мен босқындар лагерлеріне) қатысты болады. Вакцинациядан бас тартқандарға 2500 еуроға дейін айыппұл салынады.

Егер Денсаулық сақтау министрлігі, статистикалық мәліметтер, әлем тәжірибесі, тіпті, тарихи деректер де екпенің пайдасын мойындап, дәлелдеп тұрса, неге әлеумет екпеге қарсы? Неге вакцинациялаудан бас тартатындар саны жыл санап өсіп келе жатыр? [3]

Қорытынды

Вакцинацияның маңызы: Вакцинация аурулардың таралуын тоқтатып, қоғам денсаулығын қорғаудың тиімді әдісі болып табылады. Дұрыс ақпарат тарату арқылы адамдардың вакцинаға деген сенімін арттыру қажет. Бұл үшін білім беру, әлеуметтік желілерде жұмыс істеу, және сарапшылардың пікірлерін қолдану маңызды. Вакцинацияға деген оң көзқарас қоғамда денсаулықты жақсарту, аурулардың алдын алу және өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді. Осылайша, вакцинация — денсаулық сақтау жүйесінің негізі, және оған қарсы күрес әрбір азаматтың жауапкершілігі.

Ұсынымдар

Ақпараттандыру науқандары:

Вакциналардың қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы ғылыми негізделген ақпараттарды насихаттау. Әлеуметтік желілер мен медиа да вакцинация туралы фактілерді жариялау. Денсаулық сақтау мамандарын қатыстыру: Дәрігерлер мен медбикелердің вакцинацияның пайдасы туралы пікірлерін жариялау. Жергілікті деңгейде мамандардың кездесулері мен семинарларын ұйымдастыру.

Психологиялық қолдау: Вакцинация туралы қорқыныш пен күмәнді жою үшін психологиялық кеңес беру бағдарламаларын енгізу. Тәжірибесі бар адамдардың вакцинация туралы оң пікірлерін бөлісу.

Қоғамдық диалог:

Вакцинация мәселелері бойынша ашық пікірталастар өткізу. Вакцинацияға қарсы адамдармен диалог орнату, олардың алаңдаушылықтарын тыңдау.

Заңнамалық шаралар:

Вакцинацияның міндеттілігі туралы заңдарды жаңарту немесе енгізу. Вакцинацияға қарсы қозғалысқа қарсы құқықтық шаралар қолдану.

Мектептер мен оқу орындарына ақпарат беру: Оқушылар мен олардың ата-аналарына вакцинацияның маңыздылығы туралы білім беру бағдарламаларын енгізу.

Денсаулық сақтау қызметкерлерін мектептерге шақыру.

Вакцинацияны қолдау топтары:

Вакцинацияны қолдайтын қоғамдастық топтарын құру. Вакцинацияны насихаттайтын шаралар ұйымдастыру. Сарапшылармен серіктестік: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс орнату. Ғылыми зерттеулер мен статистиканы пайдалана отырып, ақпараттық ресурстарды дамыту.

Бұл ұсыныстар вакциналардың қабылдануын арттыруға, вакцинацияға қарсы қозғалыстың әсерін төмендетуге, және қоғамда денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. https://el.kz/vaktsina_turaly_ne_bilemiz_40167/
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-usunkol-audany-akimat/press/news/details/267729?lang=kk>
3. <https://informburo.kz/kaz/eld-batysy-ekpege-arsy-vakcinaciyany-mndetteu-kmn-yyn-shekteyd-.html>